

Бәйдібек аудандық мәслихатының 30 мамыр 2011 жылғы № 44/250 "Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2011 жылғы 27 қыркүйектегі N 47/277 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 12 қазанда N 14-5-115 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 2013 жылғы 4 ақпандағы № 7 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Бәйдібек аудандық мәслихатының 04.02.2013 № 7 хатымен).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1 шілде 2011 жылғы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» № 753 қаулысы және аудан әкімінің 25 шілде 2011 жылғы № 1619 хатына сәйкес

а у д а н д ы қ

м ә с л и х а т

Ш Е Ш Т І :

1. «Бәйдібек ауданының ауылдық елді мекендеріне 2011 жылы жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы» Бәйдібек аудандық мәслихатының 30 мамыр 2011 жылғы № 44/250 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-5-112 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 15 шілдегі «Шаян» газетінің № 29 жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің 1 тармағындағы «алты жүз отыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада әлеуметтік қолдау ұсынылсын.» деген сөздер «бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып

белгіленсін.» деген сөздермен өзгертілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: Н.Алтыбаев

Аудандық мәслихат хатшысы: С.Спабеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК